

ЦИФРЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ТАЗАЛЫҚТЫ ТОҒЫСТЫРҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЛА

Қосшы қаласы республика көлемінде алғашқылардың бірі болып екі бірдей маңызды бастама – «Заң және тәртіп», «Таза Қазақстан» жобаларын бірегей цифрлық платформа аясында біріктірді. Бұл бастама қаланың қауіпсіздігін арттырумен қатар, қоғамдық тәртіп пен экологиялық тазалықты жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында қалада 1 мың жаңа бейнебақылау камера-сы іске қосылып, бұған дейін орнатылған тағы 500-ге жуық камера жасанды интеллект элементтері бар бірыңғай зияткерлік платформаға біріктірілді. Олар қаланың негізгі көшелері, әлеуметтік нысандар, аулалар мен қоғамдық орындарға орнатылған. Енді бұл камералар тәулік бойы жұмыс істеп, құқықбұзушылықтың алдын алуға, күмәнді әрекеттерді жедел анықтауға және қоғамдық тәртіпті бақылауға мүмкіндік береді.

Орталықтың жұмысымен Ішкі істер министрі Ержан Сәденов пен Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов танысты. Себебі тың жоба мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Ішкі істер министрлігінің, Ақмола облысы әкімдігінің және Freedom компаниясының қолдауымен іске асып отыр.

Жүйеге азаматтардың жедел қызметтермен шұғыл байланысуына арналған 2 SOS батырмасы, биік ғимараттарға орнатылған 3 жоғары дәлдіктегі камера, сондай-ақ құқықбұзушылықтарды автоматты түрде тіркейтін 8 мобильді патруль енгізілген. Олардың бірі жедел жәрдем көлігіне орналастырылған. Осылайша, жүйе жол қозғалысы ережелерінің бұзылуын, қоғамдық орындардағы тәртіпсіздікті немесе вандализм деректерін автоматты түрде анықтай алады.

Сонымен қатар платформа «Таза Қазақстан» жобасының талаптарын орындауға да серпін беріп отыр. Қала аумағындағы тазалықтың сақталуы, заңсыз қоқис үйінділерінің пайда болмауы, абаттандырылған аумақтардың бүлінбеуі де камералар арқылы бақыланады. Нәтижесінде экологиялық мәдениет қалыптастыруға және тұрғындардың жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік туады.

Мамандардың айтуынша, мұндай кешенді цифрлық шешімдер әкімшілік ресурсты үнемдеуге, жедел әрекет етуге және қала тұрғындары үшін



қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға сеп.

Бұл тәжірибе алдағы уақытта басқа өңірлерге де үлгі болмақ. Өйткені Қосшы республика көлемінде инновация мен цифрлық басқаруды тиімді енгізген заманауи қала ретінде де ерекшеленіп отыр.

Қазір қала әкімдігі мен полициясы құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету міндеттерін орындау үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын да белсенді түрде

пайдаланып келеді. Дрондар жол қозғалысы ережелерін бұзудың алдын алу, қоғамдық тәртіп саласындағы құқықбұзушылықтарды анықтау, адамдардың көп шоғырланған орындарын бақылау, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы нысандары мен аумақтардың санитарлық жағдайын мониторингтеу, ауыл шаруашылығы жерлерін тексеру және түрлі жағдайларға жедел әрекетету үшін қолданылады.

ТӘУЛІГІНЕ 1 МЫҢ АДАМ ҚАБЫЛДАЙТЫН ЕМХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Қосшы қаласында тәулігіне 1 мың адамға дейін қабылдауға есептелген «Viamedis Қосшы» ЖШС емханасының құрылысы аяқталу сатысында. Қазір нысанда ішкі әрлеу жұмыстары жүргізіліп, жиһаздар мен медициналық жабдықтарды орнату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал ресми ашылу салтанаты 2026 жылы қаңтар айының ортасына жоспарланған.



Медициналық кешен құрамында 350 төсек-орынға арналған көпбейінді аурухананың құрылысы да жалғасын тапты. Стационарды пайдалануға беру келесі жылғы ІІІ тоқсанның басына жоспарланған.

Қосшы қаласына жасаған арнайы жұмыс сапары барысында Ақмола облысының әкімі Марат Ахметжанов нысанның құрылыс барысымен танысты.

«Мемлекет басшысы атап өткендей, халық қолжетімді әрі сапалы медициналық қызмет алуға тиіс. Жаңа аурухана ауданаралық мәртебеге ие болады. Қосшы қаласының тұрғындарымен қатар, оған жақын орналасқан 7 ауданның тұрғындары тіркеледі. Алдағы уақытта нысанға облыстық ау-

рухана мәртебесі беріледі. Президенттің тапсырмасын орындау аясында 1,5 жылдың ішінде жас қалада ең заманауи медициналық жабдықтармен қамтылған жаңа емхана салынды», – деді өңір басшысы.

Ал Viamedis компаниясының бас директоры Әсет Ахметовтің айтуынша, емхана құрылысына 200-ден аса, ал стационарға шамамен 100 адам тартылған.

«Сонымен қатар кадрлармен қамтамасыз ету жұмыстары да қатар жүргізіліп отыр. Қызметкерлер іріктеуден өтті. Қазір жетекші онко және кардиохирургтерді, акушер-гинекологтарды, неонаталдық реаниматологтар мен реабилитологтарды іріктеп жатырмыз. Олар шұғыл медициналық

көмек көрсетумен қатар, акушерлік, insultтен кейінгі және кардиохирургиялық көмекті де көрсететін болады», – деді компания басшысы.

Қосшы қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің мәліметінше, медициналық кешен аумағында мекеме қызметкерлеріне арналған көпқабатты тұрғын үйлер мен пансионат салу да қарастырылған. Жалпы, осы жобаны іске асыру нәтижесінде 1 мыңнан аса жаңа жұмыс орны ашылады деп күтіліп отыр.

Айта кетсек, медициналық кешен алдағы уақытта онкология, хирургия, травматология, терапия және босандыру ісі сияқты негізгі бағыттар бойынша шұғыл және жоспарлы стационарлық медициналық көмек көрсететін болады.

ҚЫСҚА-НҰСҚА

Мәжілістің Аграрлық мәселелер комитеті Ақмола облысындағы көшпелі отырысын Қосшы қаласында өткізді. Іс-шара «Тігінен интеграцияланған агроөнеркәсіп кәсіпорындарының тәжірибесін дамыту және зерделеу мәселелері» тақырыбына арналды.

Көшпелі отырыстың мақсаты агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың заманауи тетіктерін талқылау, өндірістен бастап өңдеу мен дайын өнімді нарыққа шығаруға дейінгі барлық кезенді қамтитын тігінен интеграцияланған кәсіпорындардың тиімді тәжірибесін зерделеу, сондай-ақ өңірлік деңгейде туындаған өзекті мәселелерді анықтау болды.

Жиын барысында мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігі, қаржыландыру тетіктері, инфрақұрылымды дамыту, кадрлық қамтамасыз ету және заңнаманы жетілдіру бағыттары бойынша ұсыныстар айтылды.



Қалалық әкімдікте Қосшы қаласы мәслихатының кезекті 53-сессиясы өтті. Мәслихат төрағасы Әлихан Қуатбеков ашқан сессияға Ақмола облыстық мәслихатының депутаты Айдын Төребаев, қала әкімінің орынбасарлары, мемлекеттік мекемелердің, құзырлы органдардың басшылары қатысты.

Сессияның қарауына 2026-2028 жылдарға арналған Қосшы қаласының және Тайтөбе ауылының бюджеті туралы мәселе енгізілді. Қала әкімінің орынбасары Альмира Бақытқызы бюджет жөнінде баяндама жасап, депутаттық корпус өкілдері тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді. Одан кейін мәслихаттың тұрақты комиссияларының төрағасы Ерғали Ділдібек қала бюджетінің тиісті мақсаттарға жұмсалып жатқанын, оны тиімді игерудің маңыздылығын атап өтті.

Жиын соңында мәслихат сессиясының шешімі қабылданды.



Тілдерді оқыту орталығында жылдық қорытынды шара өтті. Бұл ретте 30-дан аса тыңдаушы мемлекеттік тіл курсынан және 70-тен аса тыңдаушы ағылшын тілі курсынан сәтті өтіп, өз деңгейлері бойынша сертификат алды. Ол сертификаттар CEFR халықаралық стандартына сәйкес келеді.

Нәтижелі оқыту 2026 жылы да жалғасады. Сол себепті Тілдерді оқыту орталығы қала тұрғындарын мемлекеттік, ағылшын және басқа да тілдерді үйренуге шақырады.

Қосшы мектеп-гимназиясында тарих бірлестігінің «Тарих әлеміне саяхат» атты онкүндігі аясында танымдық кездесу өтті. Шараға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті, PhD докторы Талғат Молдабай шақырылған. Бұл ретте оқушылар түркі халықтарының жазба мәдениеті, көне түркі ескерткіштері, тарихи деректерді зерттеу әдістері және ғылымдағы тың жаңалықтар туралы құнды мағлұматқа қанықты. Ғалыммен еркін пікір алмасып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жан-жақты жауап алды.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ЕСКЕРТКЕН СЕМИНАР

Қосшы қаласында Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті тергеу басқармасының басшысы Мирас Мұратовтың қатысуымен «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Қаржылық сауаттылық және цифрлық гигиена» тақырыбында ақпараттық-түсіндіру семинары өтті.



Фотосурет: Қосшы қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

Іс-шараның басты мақсаты – тұрғындардың қаржылық алаяқтықтың алдын алу бойынша білімін арттырып, цифрлық кеңістіктегі қауіп-қатерлерден сақтандыру. Семинар барысында сала мамандары қаржылық пирамидалардың қоғамға тигізетін зиянына ерекше назар аударды. Соңғы жылдары «жеңіл табысқа» сенген мыңдаған азаматтың баспанасынан, көлігінен айырылып, ірі қарызға батқаны нақты мысалдар арқылы айтылды.

Кездесу барысында қатысушылар тарапынан көптеген сұрақ қойылып, мамандар әрқайсысына жан-жақты әрі нақты жауап берді. Бұл семинардың практикалық маңызын арттыра түсті.

Мамандар семинар аясында қаржылық пирамидалардан сақтану үшін мынадай негізгі ескертулерді атап өтті:

- тәуекелсіз әрі өте жоғары табыс уәде ететін жобаларға сенбеу;
- жаңа қатысушыларды тартуды талап ететін

«бизнес» түрлеріне күмәнмен қарау;

- әлеуметтік желілердегі даңғазға әрі белсенді жарнамаларға алданбау;
- лицензиясы жоқ немесе жақында ғана тіркелген компаниялардан аулақ болу;
- қаражатты қолма-қол, криптовалюта немесе жеке аударым арқылы жинайтын жобалардан бас тарту.

Семинарда сөз алған мамандардың айтуынша, ешбір заңды инвестициялық жоба жылына жүздеген пайыз пайда әкелмейді. Сонымен қатар қаржылық пирамидаларды құру, ұйымдастыру және оларды жарнамалау қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатыны да қатаң ескертілді.

Шара барысында тұрғындарға күмән тудыратын жобаларды алдын ала тексеру үшін «Байқа, пирамида» Telegram-ботын пайдалану ұсынылды. Бұл құрал қаржылық алаяқтықтың алдын алуға және азаматтардың жеке қаражатын қорғауға көмектеседі.

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ



Қосшы қаласында орналасқан Рейхстагқа ту тіккен батыр Рақымжан Қошқарбаев атындағы №1 мектепте әскери-патриоттық тәрбие жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Батырдың есімін иеленген білім ордасында оқушылардың ел тарихына құрметі мен Отан алдындағы жауапкершілігі басты назарда.

Мектеп оқушылары алғашқы әскери дайындық пәні аясында жұмыс істейтін «Жас сарбаз» әскери-патриоттық үйірмесіне белсене қатысады. Ұйірме мүшелері Қосшы қаласы білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткен бірқатар жарыста жоғары нәтиже көрсетті. Атап айтқанда, «Әскерилендірілген кросс» жарысында 3-орын, «Мерген ару» сайысында 1-орын, сондай-ақ «Айбын-2025» әскери-спорттық сайысында 1-орын иеленді.

Сонымен қатар Ақмола облысының Шучинск қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы кадет корпусында өткен облыстық «Айбын-2025» әскери-спорттық сайысында мектебіміздің 10-сынып оқушысы Заңғар Қабылқан ерекше көзге түсті.

Ол АК-74 автоматын толық емес бөлшектеу және жинақтау кезеңінде ең үздік нәтижеге қол жеткізді.

Аталған жетістіктер – оқушылардың табанды еңбегінің, тәртіп пен ұйымшылдықтың, сондай-ақ әскери-патриоттық тәрбиенің нақты жемісі. Мұндай жұмыстар жас ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілікті қалыптастырып, болашақта Қазақстанның сенімді қорғаушылары болуына жол ашады.

Айдар ӘУЕСХАНОВ,
Р. Қошқарбаев атындағы №1 мектептің
алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі

Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақмола облысының Целиноград ауданына қарасты Қараөткел ауылының тұрғындары алғаш рет табиғи газға қол жеткізді. Бұл – ауыл тұрғындары үшін жай ғана тұрмыстық қолайлылық емес, өмір сапасын арттыруға әсер ететін маңызды қадам.

ҚАРАӨТКЕЛ АУЫЛЫ ДА ГАЗҒА ЖОСПАРДАН ЕРТЕ ҚОСЫЛДЫ

Жоба өңірлік әкімдік, «QazaqGaz» ҰК» АҚ және оның еншілес ұйымы «QazaqGaz Аймақ» АҚ-ның үйлесімді жұмысының нәтижесінде іске асып отыр. Жалпы, аймақты газдандыру елорда агломерациясын дамытуға бағытталған ауқымды жобаның бір бөлігі ретінде жүргізіліп келеді.

Компания мәліметінше, газ желілерінің құрылысы былтыр басталып, жоспардан бұрын аяқталған. Бастапқыда нысанды пайдалануға беру 2027 жылға жоспарланған еді. Алайда жеделдетілген жұмыс қарқыны мен жеткізушінің газ құбырын уақытылы салу арқасында көгілдір отын ауылға биылғы желтоқсан айында-ақ жеткізіліп қойды.

– Қараөткелдің табиғи газға қосылуы – бүкіл аудан үшін маңызды оқиға. Жоба аясында 63 шақырымдық тарату желілері салынып, 15 газ тарату пункті орнатылды. Бұл шамамен 5 мың тұрғынды газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Елдос Рамазанов.

Ауыл ішіндегі әртүрлі қысымдағы газ құбырларының жалпы ұзындығы 100 шақырымға жетті. Алғашқы 3 іске қосу кешені 4 110 үйдің шамамен 2 460-ын газбен қамтуға мүмкіндік береді. Заманауи газ тарату пункттері көгілдір отынның тұрақты әрі қауіпсіз берілуін қамтамасыз етеді. Ал бұл дегеніміз солтүстік климат жағдайында аса маңызды.

– Біз жұмысты айтарлықтай жеделдеттік. Соның арқасында Қараөткел тұрғындарын газбен жоспарланған мерзімнен ерте қамтуға қол жеткіздік. Газдандыру – тек жайлылық емес, сонымен бірге тұрғындар үшін елеулі үнем. Дегенмен қауіпсіздік мәселелері біз үшін әрқашан басты орында, – деді «QazaqGaz Аймақ» АҚ Астана өндірістік филиалының директоры Уәлихан Қымбатов.

Ауыл тұрғындары үшін бұл жаңалық көптен күткен әрі тарихи сәт болды.

– Бұрын қыста пешті тәулік бойы жағып отыруға тура келетін. Қазір өмір әлдеқайда жеңілдеді. Ауылымызға газ жеткізуге атсалысқандардың бәріне көп рақмет, – деді Қараөткел тұрғыны Рукия Ажарбайқызы.

Еске сала кетсек, Қараөткелді газдандыру – Ақмола облысының елді мекендерін табиғи газбен қамтуға бағытталған кешенді бағдарламаның бір бөлігі. Тек биылдың өзінде көгілдір отын Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Ыбырай Алтынсарин, Қоянды ауылдарына және Қосшы қаласына берілді. Осы жобалардың арқасында 42 мыңнан аса адам экологиялық әрі заманауи отынға қол жеткізді.

2026 жылы тағы 7 елді мекенді газға қосу жоспарланып отыр. Ол жерлерде шамамен 114 мың адам тұрады. Сонымен қатар тағы 8 ауылды газдандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленген.



АНАЛАР КЕҢЕСІ – ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ

Қосшы қаласында құрылғанына бір жыл толған «Аналар кеңесі» өз жұмысын жылдық қорытынды кездесумен түйіндеді. Жыл бойы қоғамдық бастамаларға белсене араласып, кеңес мүшелері бұл жолы тағы да бір арнаулы басқосу ұйымдастырды.



Іс-шарада кеңестің төрайымы Айгерім Асхатқызы бір жыл ішінде атқарылған игі істер мен мағыналы жобаларға шолу жасап, кеңес мүшелерінің белсенділігіне ерекше тоқталды. Атаулы кездесуде бірлесе жасаған жұмыстардың нәтижесі, балалардың тәрбиесіне қосқан үлес, қамқорлық пен рухани қолдау шаралары сөз болды.

Сондай-ақ кеңес төрайымы әрбір белсенді анаға алғыс айтып, жүрекжарды тілегін білдірді. Оған қоса алдағы жылға жоспарлар талқыланып, жаңа идеялар ұсынылды.

Аналар кеңесінің бұл бастамасы – ұрпақ тәрбиесіне бағытталған үлкен қадам. Ұйымдастырушылардың ұйытқы болуымен өткен әрбір шара – бірлік пен жанашырлықтың көрінісі.

Аналар кеңесінің төрайымы Айгерім Асхатқызына және белсенді мүшелеріне алғысымыз шексіз. Ізгі істер жалғасын тауып, ұрпақ тәрбиесіндегі рөліңіз арта берсін!

Гүлбану БАЖИЕВА,
Қосшы қаласы «Аналар кеңесінің» мүшесі,
«Сенімен болашақ» жанашыры



Представительство фирмы «ENGINEERING DOBERSEK GmbH», БИН 960442001636 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Бостандыкский р-н, ул.Жандосова, д.2.
тел.: 8 707 712 88 65

«ENGINEERING DOBERSEK GmbH» фирмасының өкілдігі, БСН 960442001636, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жандосов көшесі, 2-үй.
Тел.: 8 707 712 88 65

«Сервет агро» ЖШС, БСН 180240022240 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 6/2 үй, 120 пәтер.
тел.: 8 747 104 57 54

ТОО «Сервет агро», БИН 180240022240 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, пр. Ұлы Дала д.6/2, кв 120.
тел.: 8 747 104 57 54

«RT GROUP CN» ЖШС, БСН 250640023556 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай аймағы, Семей қаласы, Жакия Чайжунусов көшесі, 105 үй, 18 пәтер.
тел.: 8 705 507 26 17

ТОО «RT GROUP CN», БИН 250640023556 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: область Абай, г. Семей, ул. Жакии Чайжунусова, д.105, кв.18.
тел.: 8 705 507 26 17

«Flyeng» ЖШС, БСН 210140028849 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай аймағы, Семей қаласы, Би Боранбай көшесі, 7 үй.
тел.: 8 705 507 26 17

ТОО «Flyeng», БИН 210140028849 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: область Абай, г. Семей, ул. Би Боранбай, д.7
тел.: 8 705 507 26 17

«R Art company» ЖШС, БСН 031140000398 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 107/2 үй, 50 кеңсе.
тел.: 8 701 766 07 35

ТОО «R Art company», БИН 031140000398 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Медеуский р-н, пр. Достык, д.107/2, офис 50
тел.: 8 701 766 07 35

«PLWEB» ЖШС, БСН 140540008447 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Егизбаев көшесі, 7/9 үй, н.п.174.
тел.: 8 747 714 37 10

ТОО «PLWEB», БИН 140540008447 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Бостандыкский р-н, ул.Егизбаева, д.7/9, н.п.174.
тел.: 8 747 714 37 10

«KEN_01» ЖШС, БСН 251040026819 өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Ақмешіт көшесі, 7А үй, 85 пәтер.
тел.: 8 775 786 86 92

ТОО «KEN_01», БИН 251040026819 сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, р-н Есіл, ул.Ақмешіт, д.7А, кв.85
тел.: 8 775 786 86 92

Утеранную печать на ИП «ТОЛЫБАЕВА», ИИН 650316402441 считать не действительной.
тел.: 8 775 561 52 76

«ТОЛЫБАЕВА» жеке кәсіпкерінің ЖСН: 650316402441 атына тіркелген жоғалған мөр жарамсыз деп есептелсін.
тел.: 8 775 561 52 76

ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Қазіргі жаһандану дәуірінде қоғамның рухани-мәдени негізін айқындауда діннің атқаратын рөлі айтарлықтай маңызды. Адамзат өркениеті дамыған сайын, бір жағынан материалдық құндылықтар бірінші орынға шыққанмен, екінші жағынан адамдардың рухани ізденісі де тереңдеп келеді. Осы тұрғыдан алғанда, адам санасын қалыптастыратын моральдық-этикалық жүйе ретінде діннің қоғам өміріндегі орны ерекше.

Дін – тек құлшылық емес, ғасырлар бойы жинақталған тәрбие, адамгершілік, ынтымақ, әділдік туралы қағидалар жиынтығы. Сондықтан оның қоғам тұрақтылығына әсері шексіз.

Қазақстан үшін бұл мәселе одан да маңыздырақ. Өйткені көпұлтты, көпконфессиялы мемлекет жағдайында діни келісім мен өзара түсіністік – қоғамдық тұрақтылықтың негізгі тірегі. Қазақ қоғамы тарихында толеранттылық пен келісімді жоғары қойған, дәстүр мен дінді ұштастыра білген. Бүгінде осы құндылықтарды сақтау заман талабы болып отыр.

Дін қоғам өмірінің түрлі саласына әсер етеді. Біріншіден, ол адамның ішкі жандүниесін тәрбиелейді, мінез-құлқын реттейді, жақсылықты дәріптейді. Қиындыққа тап болған жан үшін үміт, әлсізге қолдау, адасқанға жол сілтеу секілді рухани міндеттерді атқарады. Осындай қасиеттер қоғамдағы моральдық климаттың тұрақты болуына ықпал етеді.

Екіншіден, дін әлеуметтік байланыстарды нығайтады. Бірлікке, татулыққа, сыйластыққа негізделген діни түсініктер адамдарды ортақ құндылықтар төңірегіне топтастырады.

Үшіншіден, дін мәдениет пен дәстүрдің сақталуына ықпал етеді. Қазақ халқының көптеген салт-дәстүрі ғасырлар бойы ислам құндылықтарымен үндесе отырып дамыған.

Қазақстан зайырлы мемлекет ретінде дін мен мемлекеттің арақатынасын нақты принциптерге негіздеген. Зайырлылық – дінсіздік емес, әр азаматтың діни сенім еркіндігін қамтамасыз ететін әрі мемлекеттік басқаруды діни нормалардан бөлек ұстайтын жүйе. Осы тепе-теңдіктің сақталуы діни сенімнің мәдени және ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді дамуына жағдай жасайды. Дін қоғамды бірлікке ұйыстырғанмен, мемлекет заңдармен, ортақ ережелермен реттеледі. Бұл қағида әртүрлі діни сенімге ие азаматтардың бейбіт өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Діннің қоғамға әсері әсіресе жастар арасында ерекше байқалады. Қазіргі жас буын жаңа ақпараттық технологиялар дәуірінде өсіп келеді. Интернет пен әлеуметтік желілерден ағылып жатқан сансыз ақпараттың арасында діни мазмұндағы материалдар да көп. Алайда олардың барлығы дұрыс әрі сенімді емес. Біреуі дәстүрлі түсініктерді таратуы мүмкін, енді бірі діни үкімдерді бұрмалап, тек өз мүддесіне сай түсіндіруге талпынады. Осы орайда жастардың діни сауатының төмен болуы оларға теріс ықпалдардың әсер етуіне жол ашуы ықтимал. Сондықтан дұрыс ақпарат көзіне жүгіну, ресми діни ұйымдардан бағыт алу, діни мәселеде асығыстық жасамау – қазіргі жастар үшін аса маңызды талап.



Дін мен қоғам тақырыбын сөз еткенде, діни экстремизм мәселесін айналып өту мүмкін емес. Қазіргі заманда экстремистік топтар өз мақсаттарына жету үшін дінді құрал ретінде пайдаланып, діни мәтіндерді бұрмалап, қоғамды адастыруға тырысып отыр. Олар адамдардың сенімін әлсіретіп, өз қатарын көбейту үшін интернетті, әлеуметтік желіні, бейресми уағыздарды кеңінен қолданады. Экстремизм идеясы қоғамды «біз» және «олар» деп бөлуді көздейді, мемлекеттік құрылымды мойындамайды, ұлттық мәдениет пен дәстүрді жоққа шығарады. Мұндай радикалдық бағыттар қоғамға, мемлекетке ғана емес, жеке адамға да үлкен қауіп төндіреді.

Экстремизммен күрес – тек құқық қорғау органдарының ғана міндеті емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Ресми діни орталықтардың түсіндіру жұмысы, діни сауаттың артуы, мектеп пен жоғары оқу орындарында дұрыс бағдар беру, отбасы тәрбиесінің күшеюі, ақпараттық кеңістіктегі бақылау – діни экстремизмнің алдын алудың тиімді тетіктері.

Дін адамның рухани дамуына ықпал ететін күш болғандықтан, ол отбасылық қарым-қатынас пен әлеуметтік нормалардың да негізін қалыптастырады. Отбасындағы сыйластық, ата-анаға құрмет, сабыр, кешірім сияқты құндылықтар діни тәрбиемен тығыз байланысты. Дін отбасы ішіндегі дау-дамайларды шешуде моральдық тірек, тәрбие мен өнеге беруде бағыттаушы рөл

атқарады. Қазақстандағы дінаралық келісім – әлемге үлгі боларлық құндылық. Әртүрлі дін өкілдерінің бейбіт өмір сүруі – елдегі тұрақтылық көрсеткіші. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының сөзі Қазақстанды халықаралық деңгейде диалог алаңы ретінде танытты. Мұндай ортақ пікір алаңдары түрлі сенім өкілдерінің бір-бірін түсінуіне, келісім мен өзара құрметтің нығаюына септігін тигізеді.

Қорыта айтқанда, дін мен қоғам – өзара тығыз байланысты құбылыстар. Дін қоғамға моральдық, рухани бағыт-бағдар берсе, қоғам дінді мәдениет және дәстүр арқылы толықтырып, оның дұрыс дамуына жағдай жасайды. Бүгінде діннің құндылықтары қоғамның бірлігін, тұрақтылығын, рухани дамуын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі болып отыр. Діни экстремизмнің алдын алу, жастар арасында дұрыс діни сана қалыптастыру, зайырлылық қағидаларын сақтау – ел болашағы үшін аса маңызды міндет. Қоғам рухани тұғырын берік ұстағанда ғана тұрақтылық пен татулық сақталады.

«ALDASPAN» талдау орталығы, Қосшы қаласы ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша

БІР МЕЗЕТТЕ ЕКІ ӨМІРГЕ ЖАУАПТЫ МАМАН



Қоғамда көзге көп көріне бермейтін, бірақ жауапкершілігі орасан зор мамандықтар бар. Солардың бірі – акушерлік. Ана мен баланың амандығы үшін тәулік бойы тынымсыз еңбек ететін бұл сала иелерінің жұмысы қашанда құрметке лайық. Осындай жауапты жолды саналы түрде таңдаған жас мамандардың бірі – Қосшы қаласындағы №1 қалалық емхананың гинекология бөлімінде қызмет ететін акушер Аружан Абдрахман.

Аружан – медицинаға жүрек қалауымен келген маман. Оның бұл саланы таңдауы жай ғана кәсіби қызығушылық емес, өмірлік тағдырмен, отбасылық оқиғамен тығыз байланысты. Көпбалалы, алтын құрсақты ананың кенже қызы болған Аружан анасының өзіне босану кезінде ауыр асқынуларды бастан өткергенін естіп өскен. Дәрігерлер мен акушерлердің кәсібилігінің арқасында анасы да, сәбиі де аман қалған. Осы бір оқиға болашақ маманның өмірлік бағытын ерте айқындап берген.

– Акушерлік – қателікті кешірмейтін сала. Мұнда әр шешім, әр қадам – адам тағдырымен тікелей байланысты. Сондықтан бұл мамандықты таңдаған адамда үлкен жауапкершілікпен қатар, төзім мен жанашырлық болуы шарт, – дейді Аружан Төреханқызы.

Жас маман үшін акушер болу – тек медициналық көмек көрсету ғана емес, ең алдымен әйелге психологиялық қолдау беру. Жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңдерде ананың жанынан табылып, сенім ұялату – оның басты міндеттерінің бірі. «Дені сау ана – дені сау бала» қағидатын ұстанатын Аружан бұл мамандықты таңдағанына еш өкінбейтінін айтады.

Акушердің бір күні таңғы сағат сегізде басталады. Пациенттерді қабылдау, жүкті әйелдерді бақылау, дәрігерлермен тығыз байланыс, санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қатаң сақтау – күнделікті жұмыстың бір бөлігі. Сонымен қатар ол «Отбасын жоспарлау» бөлімінде де қызмет атқарады. Жүктілікті алдын ала жоспарлап келген әйелдерге кеңес беріп, қажетті тексерулерден өтуіне көмектеседі.

Болашақ аналарға ол жүктілікке саналы түрде келуді, уақтылы тексеріліп, скринингтерден қалмауды ұсынады.

– Кез келген жағдайда біз аналардың жанынан табылып, көмек көрсетуге дайынбыз, – дейді жас акушер.



Қосшылық өнерпаздар Шәмші әндерін әуелетті

Көкшетау қаласындағы «Достар» мәдениет үйінде «Ардагерлер ұйымы» РҚБ Ақмола облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Шәмші әндерінің фестивалі» өтті. Аталған іс-шараға облыс көлеміндегі аудан, қала Ардагерлер кеңестерінің жанындағы шығармашылық ұжымдар, этномәдени бірлестіктер, АҚХА жанындағы құрылымдар қатысты.



Мақсаты – қазақ музыкасының классигі Шәмші Қалдаяқовтың мол мұрасын насихаттау, рухани құндылықты дәріптеу және ардагерлердің шығармашылық әлеуетін қолдау.

Фестиваль аясында Қосшы қаласының да өнерпаздары белсенділік танытып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Атап айтқанда, «Замандас» халықтық хоры мен «Есіл-Нұра» ұлт аспаптар ансамблінің мүшелері Шәмші әндерін шырқап, сахна төрін көркем өнермен әрледі.

Қосшы қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабділбар Абақов аталған игі шараны ұйымдастырған облыстық Ардагерлер кеңесінің

төрағасы Ермек Нұғыман мырзаға алғыс білдірді.

Шара соңында өнер көрсеткен ұжымдар арнайы алғыс хаттармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Қосшы қаласының намысын қорғап, мерейін асырған барша өнерпазға шынайы алғысымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз – ұрпаққа үлгі, рухани байлығымыздың жарқын көрінісі. Қосшы қаласы сіздермен мақтанады.

Гүлбану БАЖИЕВА,
Қосшы қаласы «Аналар кеңесінің» мүшесі

Тәуелсіздік күні қарсаңында Қосшы қаласы Рақымжан Қошқарбаев атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектеп жанындағы «Зере» аналар клубының аналары балаларымен бірге үлгілі отбасылардың бірі Айжамал Асубаеваның шаңырағына қонаққа барды.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҒЫ

Іс-шара барысында аналар балаларының өнерін ортаға салып, жетістіктерімен бөлісті. Сонымен қатар тәуелсіз еліміздің қалыптасу тарихына тоқталып, Тәуелсіздік ұғымының терең мәнін түсіндіру арқылы тәрбиелік мазмұндағы әсерлі әңгімелер өрбіді. Әр бала жеке таныстырылып, олардың өнері мен жетістіктері мақтанышпен айтылды.

Бұл кездесу – ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған үлгілі бастама. Отбасындағы рухани тәрбие мектеппен тығыз байланыста болғанда ғана нәтижелі болмақ. Біз мектебіміздің осындай белсенді аналарымен мақтанамыз. Мектеп ұжымы атынан бала тәрбиесіне, қоғамдық өмірге белсене араласып жүрген аналарға үлкен алғыс білдіреміз. Олар тек мектептің емес, сонымен қатар Қосшы қаласының «Аналар кеңесі» мүшелері ретінде де белсенділік

танытып жүр.

Мектебіміздің белсенді аналары:

- Ата-аналар комитетінің төрайымы Әсел Маханова;
- талантты домбырашылар Еркегүл Кукай, Ақбәян Исмайлова, Айнұр Үсенова, Фариза Қарабекова, Айжамал Асубаева, Айдана Жаппарова, Аякөз Гаппар, Базаргүл Хурманхан, Мереке Білімхан.

Балалардың қуанышы – елдің де қуанышы. Оларды тәрбиелеп отырған барша анаға зор денсаулық, бақ-береке тілейміз. Ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлестеріңіз үшін мың алғыс!

Гүлбану АМАНБАЙҚЫЗЫ,
Қосшы қаласы Р. Қошқарбаев атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары



ЕЛ БОЛАШАҒЫН АЙҚЫНДАУШЫ ФАКТОР

Қазақстан тәуелсіздік алған 30 жылдан аса уақыт ішінде елдің сайлау жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, мемлекеттігіміздің саяси іргетасын қалыптастырушы басты құралға айналды. Бүгінде сайлау – демократиялық қағидаттарды орнықтырудың, қоғам мен билік арасындағы сенімді байланысты нығайтудың және мемлекеттік басқару жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етудің негізгі механизмі.



Қосшы қаласы аумақтық сайлау комиссиясының өкілдері сайлау жүйесінің қалыптасу тарихы, енгізілген жаңашылдықтар және оларды тиімді іске асырудың өңірлік тәжірибесімен бөлісті.

Қазақстандағы заманауи сайлау жүйесі 1989 жылдың 22 қыркүйегінен бастау алады. Сол күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысымен халық депутаттарын сайлау және кері қайтарып алу жөніндегі алғашқы Ор-

талық сайлау комиссиясы құрылды. 25 адамнан тұратын бұл орган елдің саяси өміріндегі жаңа кезеңнің басталуына негіз қалады. 1991 жылғы 1 желтоқсанда Орталық сайлау комиссиясы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы алғашқы президент сайлауын ұйымдастырып, егемен мемлекеттің жаңа саяси бағытын айқындады. Ал 1993 жылы қабылданған алғашқы Конституция сайлау институтының тұрақтануына жол ашып, құқықтық мемлекет құрудағы

маңызды қадам болды.

Кейінгі жылдары қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты сайлау рәсімдері мен Орталық сайлау комиссиясының құрылымы бірнеше рет жетілдіріліп отырды. 1996 жылы қабылданған жаңа нормативтік акт сайлау процестерін ұйымдастырудың тиімді тетіктерін енгізіп, жүйенің институционалдық нығаюына серпін берді.

Бүгінде Орталық сайлау комиссиясы мүшелерін тағайындау тәртібі билік тармақтарының тепе-теңдігін қамтамасыз етуге бағытталған. Төраға мен екі мүшені президент, тағы екі мүшені Сенат, қалған екеуін Мәжіліс 5 жылдық мерзімге тағайындайды. Мұндай модель сайлау органдарының сабақтастығын сақтап, шешім қабылдау үдерісінің тұрақтылығын арттырды.

Соңғы жылдардағы маңызды реформалар сайлау жүйесін орталық деңгейде ғана емес, жергілікті деңгейде де айтарлықтай жаңартты. 2019 жылдан бастап аумақтық сайлау комиссияларының төрағасы мен хатшылары тұрақты негізде қызмет атқара бастады.

Бұрын сайлау науқаны біткеннен кейін комиссия жұмысы уақытша тоқтайтын, бұл жедел мәселелерді шешуге кедергі келтіретін. Жаңашылдық кәсібилікті күшейтуге, азаматтардың өтініштерін уақтылы қарауға және сайлау үдерісін жыл бойы жүйелі дайындауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде сайлауды ұйымдастыру, ақпарат беру, дауыстарды есептеу, қорытынды шығару сияқты кезеңдер анағұрлым ашық әрі жедел атқарыла бастады.

Сайлау реформаларының ең маңызды бағытының бірі – мажоритарлық

жүйенің енгізілуі. Бұл өзгеріс әр кандидатқа нақты сайлау округінде халық сеніміне ие болуға мүмкіндік беріп, депутат пен сайлаушы арасындағы байланысты күшейтті. Енді әр депутат өз сайлаушыларының мүддесін қорғауға міндетті, ал азаматтар өз өкілін тікелей таңдап, оның жұмысына баға бере алады. Осылайша, халықтың саяси белсенділігі артып, азаматтық жауапкершілік күшейді.

Сонымен қатар, елдің саяси тәуелсіздігін күшейту мақсатында шетелден қаржыландырылатын ұйымдардың сайлауға қатысуына шектеу енгізілді. Бұл өзгеріс ұлттық мүддені қорғауға бағытталған маңызды қадам болды және референдум нәтижесінде қолдау тауып, азаматтардың саяси жүйеге деген сенімін арттырды.

Жаңа тәртіптердің бірі – сайлау үдерісіне қоғамдық ұйымдардың бақылаушы ретінде қатысу мүмкіндігінің артуы. Енді олар арнайы тәртіппен аккредитациядан өтіп, сайлауды бақылап, мониторинг жүргізе алады. Бұл ашықтықты арттырып, кез келген күмәнді жағдайды дер кезінде анықтауға жол ашты.

Сайлау мәдениетінің қазіргі кезеңдегі ерекшелігі – үгіт-насихаттың әлеуметтік желілерге белсенді енуі. Кандидаттар бағдарламаларын онлайн жариялап, жұртпен тікелей байланысқа шығады. Ақпарат алмасу жеделдеп, жастардың саяси үдерістерге қатысуы артып келеді. Алайда онлайн кеңістіктегі агитацияға да заңмен реттелді, бұл да ашықтыққа қолдау болып отыр.

Жүйеге енгізілген тағы бір маңызды институт – императивтік мандат. Бұл

норманың арқасында сайлаушылар өз міндетін орындай алмаған депутаттың кері қайтаруға мүмкіндік алады. Әзірге Қазақстанда мұндай жағдай тіркелмесе де бұл институт депутаттық жауапкершілікті күшейтіп, халықтың билікке деген әсер ету тетігін нақтылады.

Қосшы қаласында сайлаушылар тізімін өзектендіру жұмыстары тұрақты жүргізіледі. Қалалық комиссия мен жергілікті атқарушы органдар азаматтардың деректерін жаңартып, қателерді түзетіп отырады. Егер тұрғын өзін тізімнен таппаса немесе басқа учаскеге тіркелгенін байқаса, комиссия мәселені жедел шешуге дайын.

Мұнда іске асқан реформалар – саяси жүйені бейімдеудің және қоғам талабына уақтылы жауап берудің жарқын дәлелі. Қабылданған өзгерістердің барлығы азаматтардың саяси үрдістері ролін арттыруға, билік пен қоғам арасындағы сенімді нығайтуға және Қазақстанның демократиялық институттарын заманауи деңгейге көтеруге бағытталған.

Бүгінгі сайлау – тек дауыс беру рәсімі емес, елдің ертеңін айқындау алаңы. Жергілікті деңгейдегі әр өзгеріс – ұлттық ауқымдағы ілгерілеудің бастауы. Қосшы қаласының тәжірибесі көрсеткендей, қоғамның белсенділігі, сайлау мәдениеті және ашықтық принципі мемлекеттің болашағын айқындауда шешуші рөл атқарады. Қазақстан демократияны нығайту бағытында сенімді қадам жасап келеді. Ал бұл жолдағы ең басты күш – өз таңдауын жасай алатын және сол шешімге жауапты азамат.

Аяжан ЕРБОЛ